

"Электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1187 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 316 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 2 ақпанда № 14759 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 21 тамыздағы № 500/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 21.08.2026 № 500/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1187 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12864 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 26 қантар жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын тексеру қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпараттандыру департаментіне (Жахметова Ж. З.):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде бұйрықтың баспа және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау

банкiне енгiзу үшiн қазақ және орыс тiлдерiнде Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлiгiнiң "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргiзу құқығындағы республикалық мемлекеттiк кәсiпорнына жiберу;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлiгiнiң интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әдiлет министрлiгiнде мемлекеттiк тiркелгеннен кейiн он жұмыс күнi iшiнде Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлiгiнiң Заң департаментiне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген iс-шаралардың орындалуы туралы мәлiметтердi ұсынуды қамтамасыз етсiн.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшiлiк ететiн Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министрiне жүктелсiн (Сарсенов С. С.).

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнiнен бастап күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

*Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрi*

А. Абаев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрiнiң
2016 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 316 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрiнiң
2015 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 1187 бұйрығымен бекiтiлген

Электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын тексеру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын тексеру қағидалары (бұдан әрi – Қағидалар) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрi – Заң) 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес әзiрлендi және ақпараттық жүйенi құру мен жұмыс iстеуi кезеңiнде ақпараттық жүйенiң электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын тексеру тәртiбiн айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпаратты криптографиялық қорғау құралы (бұдан әрi – АҚҚҚ) – криптографиялық түрлендiру алгоритмдерiн, кiлттердi өндiрудi, қалыптастыруды, бөлудi және басқаруды жүзеге асыратын құрал;

2) кері қайтарып алынған тіркеу куәліктерінің тізімі (бұдан әрі – КТКТ) – әрекеті тоқтатылған тіркеу куәліктері, олардың сериялық нөмірлері, кері қайтару (жою) себебі мерзімі және туралы мәліметтер қамтылған тіркеу куәліктері тіркелімінің бөлігі;

3) куәландырушы орталық – электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растайтын заңды тұлға;

4) тіркеу куәлігі – электрондық цифрлық қолтаңбаның Заңмен белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін куәландырушы орталық беретін қағаз тасығыштағы құжат немесе электрондық құжат;

5) электрондық құжат – өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

6) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар терілі;

7) ЭЦҚ құралдары – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және түпнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы;

8) еркін ұзындығымен кіріс деректердің массивін ұзындығы тіркелген биталық жағына хэш-түрлендіру;

9) хэш-функция – байт реттілігін тіркелген өлшемдегі байт реттілігінде бейнелеу функциясы.

2-тарау. Электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын тексеру тәртібі

3. Ақпараттық жүйені құру мен жұмыс істеуі кезеңінде қол қоюшы тараптың тіркеу куәлігін қамтитын электрондық құжатты алған кезде ақпараттық жүйеде мына тексерулерді жүзеге асыратын ЭЦҚ түпнұсқалығын тексеру функционалы іске асырылады:

1) электрондық құжаттағы ЭЦҚ тексеру;

2) қол қоюшы тараптың тіркеу куәлігін тексеру.

4. Ақпараттық жүйе электрондық құжаттағы ЭЦҚ-ны қол қоюшы тараптың тіркеу куәлігіндегі ЭЦҚ ашық кілтін пайдалану арқылы тексереді. Электрондық құжатта қол қоюшы тараптың тіркеу куәлігі болуға тиіс.

5. ЭЦҚ-ны тексеру құжатқа қол қойылған тәртіптің кері тәртібімен мынадай схема бойынша жүзеге асырылады:

1) жөнелтушінің ЭЦҚ ашық кілтінің көмегімен хабарлама хәшінің (жіберушінің қолы) мәні ашылады;

2) хэш – функциясының көмегімен түпнұсқалық хабарламаның бақылау сомасы есептеледі.

Екі бақылау соманы салыстыру жүргізіледі, егер олар тең болса, ЭЦҚ дұрыс (ЭЦҚ тексерудің жағымды нәтижесі айқындалды) болып есептеледі, егер тең болмаса, ЭЦҚ дұрыс емес (ЭЦҚ тексерудің жағымсыз нәтижесі айқындалды) болып есептеледі.

6. ЭЦҚ тексерудің жағымды нәтижесі анықталған жағдайда, ақпараттық жүйе АКҚҚ мен куәландырушы орталықтың ЭЦҚ құралдарын пайдалана отырып, мынадай тексерулерді орындау арқылы қол қоюшы тараптың тіркеу куәліктерін тексереді:

1) тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімін тексеру. Куәландырушы орталықтардың аралық тіркеу куәліктерін ескере отырып, тексерілетін тіркеу куәлігінен куәландырушы орталығының сенім білдірілген негізгі тіркеу куәлігіне дейін қолданыс мерзімдерін тексеру;

2) тіркеу куәлігін кері қайтаруға (жоюға) қатысты тексеру. Тіркеу куәлігін кері қайтарылуға (жойюға) қатысты тексеру мынадай әдістердің бірімен жүзеге асырылады:

куәландырушы орталықтың ҚТКТ негізінде. Осы тексеру әдісі тексеріліп отырған тіркеу куәлігі куәландырушы орталығының ҚТКТ қолдану мерзімі басталған сәттен жойылғандығын растайды;

On-line Certificate Status Protocol (бұдан әрі – OCSP) хаттамасына негізделген тіркеу куәлігінің жойылғандығына қатысты онлайн тексеру. Осы тексеру әдісі тексеріліп отырған тіркеу куәлігі OCSP түбіртегінде қалыптастырылған сәтінде жойылғандығын растайды;

қосымша ҚТКТ негізінде. Аталған сервис ҚТКТ сервисімен бірге пайдаланады, бұл ҚТКТ сервисіне қарағанда барынша өзектілендірілген ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Осы тексеру әдісі тексеріліп отырған тіркеу куәлігі куәландырушы орталығының қосымша ҚТКТ қолдану мерзімі басталған сәттен жойылғандығын растайды;

3) тіркеу куәлігінің ЭЦҚ пайдалану саласын тексеру. Тексеру "кілтті пайдалану" (KeyUsage) тіркеу куәлігі жолының мәнін тексеруді қамтиды. "Кілтті пайдалану" өрісі қамтитын "Цифрлық қолтаңба" мен "Бастартпаушылық" мәндері тіркеу куәлігі ЭЦҚ үшін пайдаланылатынын білдіреді. "Кілтті пайдалану" жолы "Цифрлық қолтаңба" мен "Кілттерді шифрлау" мәндері бұл тіркеу куәлігі аутентификация үшін пайдаланылатынын білдіреді;

4) тіркеу куәлігі саясатының нөмірін және оны пайдаланудың рұқсат етілген әдістерін тексеру. Тексеріліп отырған тіркеу куәлігінің саясаты тіркеу куәлігін пайдаланудың рұқсат етілген және тыйым салынған әдістерін қамтиды (мәселен: тіркеу куәлігі "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесінде пайдаланылады),

бұл осы тіркеу куәлігін "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесінен басқа ақпараттық жүйелерде пайдалануға жол берілмейтінін білдіреді;

5) куәландырушы орталықтардың аралық тіркеу куәліктерін ескере отырып, куәландырушы орталықтың тексеріліп отырған тіркеу куәлігінен негізгі сенім білдірілген тіркеу куәлігіне дейінгі дұрыс тізбектің құрылуын тексеру;

6) уақыт белгісін тексеру. Уақыт белгісінің түбіртегін тексеру ұзақ мерзім сақталатын электрондық құжаттар үшін жүргізіледі. Уақыт белгісінің түбіртегі ЭЦҚ тексерудің жағымды нәтижесі анықталған кезде электрондық құжатқа қол қойылған сәтте қалыптастырылып, уақыттың көрсетілген кезеңінде құжатқа қол қоюдың дәлелі болып табылады.

Уақыт белгісі түбіртекте көрсетілген уақытта ЭЦҚ болғанының дәлелі болып табылады;

7) құжатқа қол қойған тұлғаның өкілеттігін тексеру. Өкілеттіктерді тексеру механизмдерін ақпараттық жүйе жүзеге асырады. Өкілеттіктерді тексеру тіркеу куәлігінде бұл туралы ақпарат қамтылған кезде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 6) жне 7) тармақшаларын қоспағанда, ЭЦҚ немесе тіркеу куәлігі жоғарыда аталған тексерулердің ең болмаса біреуінің талаптарына сәйкес келмеген кезде ЭЦҚ немесе тіркеу куәлігі жарамсыз (ЭЦҚ және тіркеу куәлігін тексерудің жағымсыз нәтижесі айқындалды) болып есептеледі.

7. ЭЦҚ мен тіркеу куәлігінің түпнұсқалығын тексеруді техникалық іске асыру ақпараттық жүйеге жүктеледі.

8. ЭЦҚ тексеру процедурасын жүргізгеннен кейін КО АКҚҚ пайдалана отырып ЭЦҚ түпнұсқалығын растау (белгілеу) кезінде (ЭЦҚ және тіркеу куәлігін тексерудің жағымды нәтижесі айқындалды), сондай-ақ Заңның 10-бабы 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшалары бойынша шарттарға сәйкес келген кезде ақпараттық жүйе арқылы алынған электрондық құжат бірдей құқықтық салдарымен жеке қол қойылған құжатқа тең болып танылады.

9. АКҚҚ пайдалана отырып, ЭЦҚ түпнұсқалығын тексеру процедурасын жүргізгеннен кейін ЭЦҚ сәйкессіздігі (ЭЦҚ тексерудің жағымсыз нәтижесі айқындалды) айқындалған кезде, сондай-ақ Заңның 10-бабы 1-тармағының 2), 3) және 4) тармақшалары бойынша шарттарға сәйкес келмеген кезде ақпараттық жүйе арқылы алынған электрондық құжат жеке қол қойылған құжатқа тең болып танылмайды.